**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің докторанты Сайпинов Данияр Романовичтің «Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық мақсатына арналған жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)» тақырыбындағы 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына**

# ПІКІР

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану және қорғау ауылдардағы халықты ауыл шаруашылығы жерлерімен қамтамасыз ету мәселесі барлық өңірлерде өткір тұр. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану, оларды тиімді басқару және келешек ұрпақ үшін сақтау – әрбір азаматтың басты мемлекеттік және қоғамдық мақсаты және конституциялық міндеті.

Қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мен оны қорғауды жүзеге асыратын нормативтік база күрделі жетілдіруді талап етіп отыр. Бұл тұстағы біздің айтарымыз, ауыл шаруашылығы өндірісі мақсатында пайдалануға жарамды жерлердің айналымын жақсарту үшін заңдық тұрғыдан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерің құрамы мен құқықтық режимін жетілдіру қажет. Біздің мемлекетімізде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғау көпшілік мемлекеттердегідей арнайы бір заң актісімен реттелмейді. Өзара тығыз байланысты аграрлық құқықтық қатынастардың реттелуі арнайы бір актіні қабылдау қажеттілігін туғызып отыр. Бұл қатынастардың барлығын Қазақстан Республикасының Жер кодексі толықтай реттей береді деген де дұрыс болып табылмайды, себебі, өкінішке орай, Жер кодексі олардың жүзеге асырудың механизмін толық қамтымайды. Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлерді тиімді пайдалану мен қорғаудың нормативтік-құқықтық негіздері өзгертулерді қажет етеді. Жаңа жер заңнамасы қандай жерлердің ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлер ретінде қорғалуы қажет деген мәселе бойынша нақтылықты қажетсінеді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің нысаналы пайдалануы мен осы жерлер қорын қорғау бойынша жерлерді келтірген шығынның орнын толтыру үшін алып қоюды реттейтін нормативтік актілерді қайта қарастыру қажет.

Сондықтан қазіргі жағдайда жерді және басқа да негізгі өндіріс құралдарын және шаруашылық ішілік қатынастарды ұтымды пайдалану мен шаруашылық жүргізудің әр алуан нысандарын қалыптастыру мен дамыту мәселесін жан-жақты зерттеп, туындаған қайшылықтарды анытқтап және оларды жою жолдарын табу қажет.

Бұл мәселелер бойынша ғылыми зерттеулердің маңыздылығы шаруашылық жүргізудің осы немесе басқа нысандарының артықшылықтары мен тиімділігін дәлелдеумен ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығы жерлерін нарықтық жағдайға пайдаланудың ең перспективалы үлгілерін

жасаумен, олардың қандай факторлар арқылы жүзеге асатынын көрсетумен және тиімді пайдалануға қол жеткізуге болады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы тұжырымдалған теориялық ережелер мен ұсыныстар қазіргі жер құқығының теориясын тереңдетіп, дамытып, әрі қарай ғылыми зерттеулерге негіз бола алатынында.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы диссертацияда қамтылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу бойынша заңнаманы жетілдіру жөніндегі теориялық ережелерді, құқықтық тұжырымдамаларды және ұсыныстарды өзгертулер мен толықтырулар енгізу кезінде заң шығармашылық қызметінде пайдалануға болатынында, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде, сондай-ақ жалпы сот тәжірибесін қалыптастыру кезіне бағытталған.

Ғылыми жаңалық элементтері бар бірқатар маңызды теориялық ережелерді, практикалық қорытындылар мен ұсыныстарды зерделей отырып, жер құқығы ғылымында алғаш рет ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қорғауды және пайдалануды құқықтық реттеудің теориялық негіздеріне жан-жақты талдау жасалғандығында.

Жұмыстың құрылымы зерттеу пәні, мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Нормативтік сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Әрине, тақырып өте күрделі. Соған қарамастан автордың көзқарастары ұстанымды, объективті, дәлелдері сенімді болып шыққан. Зерттеу жұмысын жазу барысында ізденуші отандық, ресей және халықаралық ғалымдар мен заңгерлердің ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, отандық заңдарды жетілдіруге үлес қосатын авторлық өзіндік тұжырымдамаларын жасап, заң жобасын ұсынған.

Сайпинов Данияр Романовичтің «Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық мақсатына арналған жерлерді пайдалану мен қоргауды құқықтық реттеу (халықаралық жүзе және ұлттық тәжірибе)» атты тақырыпты диссертациясы осындай еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді және аилософия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иемденуге лайықты. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс өз дәрежесінде нәтижелі жазылған деп, жұмысты қорғауға жіберуді ұсынамын.

**Ғылыми жетекшісі:**
**М.Х.Дулати атындағы Тараз**
**университетінің профессоры,**
**заң ғылымдарының докторы** **Л.К.Еркинбаева**